# Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі - Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 02.08.2013 № 130-ө өкімімен.

3. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 02.08.2013 № 130-ө өкімімен.

*Премьер-Министр* *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2012 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 227-ө өкімімен
бекітілген

## Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспары

Ескерту. Кешенді жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 02.08.2013 № 130-ө өкімімен.

| р/с № | Шара | Ұсынылатын іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. «Кәсіпорындар ашу» индикаторы | | | | | |
| 1. | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу | Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мүдделі мемлекеттік органдармен келісу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині, Қаржымині, ӨДМ | Қазақстан Республикас З а ң ы қабылданған кейін бір ішінде |
| 2. | Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу рәсімін жеңілдету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, өңірлерде түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ӨДМ-ге ақпарат | Әділетмині, Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 2. «Меншікті тіркеу» индикаторы | | | | | |
| 3. | Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тіркеу үшін тұрғындардан талап етілетін құжаттарды қысқарту мақсатында басқа мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдасуды жүзеге асыру жоспарланған | Мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдасуды жүзеге асыру | ӨДМ-ге ақпарат | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2013 жылғ жартыжыл б |
| 4. | Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін жеңілдету бойынша әділет органдары қабылдап жатқан шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, өңірлерде түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ӨДМ-ге ақпарат | Әділетмині және аумақтық әділет органдары, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 3. «Кредиттер алу» индикаторы | | | | | |
| | | Әлеуметтік кезек бойынша кредиторлық борыштарды алдын-ала өту | | Қаржымині, ИЖТМ, ӨДМ, Еңбекмині, ҰБ ( | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Кепілді кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тетігін қайта қарау | шартымен кепілді мүлікті беру жолымен кепілді кредиторлардың талаптарын өтеу мүмкіндігін белгілеу (кредиторлар жиналысының келісімімен) | «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | келісім бойынша), «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 6. | Исламдық қаржыландыруды дамыту | Қазақстан Республикасының заңнамасын Қазақстанда исламдық қаржыландыруды және «тауарлық мурабах» операциясын дамыту бөлігінде жетілдіру | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жылд екінші жартыжылд |
| 7. | Қазақстан Республикасының заңнамасын кредиттік тізіліммен, жеке саудагерлермен қамтуды кеңейту бөлігінде жетілдіру | Мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып, кредиттік тізілім жүйесінде көрсету үшін бөлшек саудагерлердің, кредитке саудагерлердің, мемлекеттік және квазимемлекеттік компаниялардың кредиттік ақпаратты беру міндетін бекіту мәселесін пысықтау | ӨДМ-ге ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | 2013 жылд екінші жартыжылд |
| 8. | Мемлекеттік кредиттік бюросында кредиттік тарих субъектілерін қамтуды кеңейту | Жаңа кредиттік ақпарат жеткізушілерді микроқаржы ұйымдарының тізілесінің кеңейтуді көздейтін нормаларды енгізу | «Микроқаржы ұйымдары туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл маусым |
| 9. | Аталған индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық | | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және | 2013 жыл бо |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | практикасы бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | органдармен бейнеконференция өткізу | Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | |
| 4. «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы | | | | | |
| 10. | Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын салалық мемлекеттік органдармен ( экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық, энергетикалық және т.б.) міндетті келісу талабының алып тастау | Жобалау-сметалық құжаттамасын келісу рәсімдері бойынша ұсынымдар әзірлеу Салалық заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат Салалық нормативтік-құқықтық актілерді бекіту | ӨДМ, ИЖТМ, Қоршағанортамині, ДСМ ТЖМ | 2012 ж 20 желтоқ 2013 ж 2-тоқсан |
| 11. | Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға арналған техникалық шарттарды алу рәсімін жетілдіру | Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын берудің мерзімдерін ескере отырып, техникалық шарттар мерзімдерін регламенттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат Салалық нормативтік-құқықтық актілерге және нормативтік-техникалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | ӨДМ, ИЖТМ, МГМ, ККМ Салалық нормативтік-құқықтық актілерді және нормативтік-техникалық құжаттарды бекіту | 2012 жылғ желтоқсан 2013 жылғ тоқсан |
| 12. | Жер учаскесіне құқықтарды беру рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу | Заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ӨДМ, жергілікті атқарушы органдар | 2013 жылғ тоқсан |
| 13. | Құрылысқа рұқсат алу саласында жүргізіліп отырған реформалар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, өңірлерде түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ӨДМ, жергілікті атқарушы органдар | 2013 жылғ тоқсан |
| 5. «Жұмысшылар құқықтарын қорғау» индикаторы | | | | | |
| 14. | Индикаторды есептеу әдіснамасымен таныстыру, бастапқы ақпаратты жинау | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | Жұмыстың басталуына және есептеу әдістемесімен танысу қажеттілігіне байланысты Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Еңбекмині, Қаржымині, ӨДМ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банктің сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл ішінде |
| 6. «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» индикаторы | | | | | |
| | Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу бойынша техникалық шарттарды беру кезінде тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт-тан | «Тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт-тан жоғары электрлік қондырғыларды электр | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15. | жоғары электрлік қондырғыларды электр желілеріне қосуына рұқсат беру процесін автоматтандыру жөніндегі ұсыныстар мен шараларды әзірлеу | желілеріне қосуына рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ИЖТМ | 2013 жылғ тоқсан |
| 7. «Төлем қабілетсіздігін шешу» индикаторы | | | | | |
| 16. | Оңалту және банкроттық саласындағы заңнаманы жетілдіру | «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Қазақстан Республикасының Заңы | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2013 жыл бо |
| 17. | Кредиторлардың мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығын анықтау үшін басқарушылар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау әдістемесін әзірлеу | Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы бірлескен бұйрықты әзірлеу | Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы бірлескен бұйрық | Қаржымині, мүдделі органдар | 2013 жылғ тоқсан |
| 18. | Борышкерлер мүлкін ( активтерін) электронды аукцион арқылы өткізудің құқықтық тәртібін айқындау | Борышкерлер мүлкін электронды аукцион арқылы өткізу мүмкіндігін көздеу бөлігінде қолданыстағы Борышкердің мүлкін ( активтерін) сату жөнінде сауда-саттық жүргізу ережесіне өзгерістер енгізу | «Борышкердің мүлкін ( активтерін) сату жөнінде сауда-саттық жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 326 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині, мүдделі органдар | 2013 жылғ тоқсан |
| 19. | «Doing Business» рейтингісін жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық практикасы бар елдерге шығумен халықаралық тәжірибені зерделеу | Грузияға, Польшаға, Сербияға, Латвияға шығу | Грузия, Польша, Сербия , Латвия елдерінің сарапшыларымен консультациялар | Қаржымині, СІМ | 2013 жылғ тоқсан |
| 20. | Өңірлерде «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру бойынша, сондай-ақ төлем қабілетсіздігін шешу саласында жүргізіліп отырған реформалар туралы бизнес-қоғамдастық өкілдерімен түсіндіру іс-шараларын өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ӨДМ-ге ақпарат | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар | 2013 жыл бо |
| 8. «Келісімшарттарды орындау» индикаторы | | | | | |
| | «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер толықтырулар | Қазақстан Республикасы | | | Қазақстан Республикас Заңы қабылданған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 21. | енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу | Үкіметінің қаулысын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар | кейін бір ішінде |
| 22. | Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама нормаларын қолдану бойынша өңірлерде бизнес-қоғамдастық өкілдерімен түсіндіру іс-шараларын өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ӨДМ-ге ақпарат | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар | Тоқсан сайы |
| 23. | Аталған индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық практикасы бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 9. «Халықаралық сауда» индикаторы | | | | | |
| 24. | Сыртқы сауда саласында экспорттық-импорттық операциялар кезінде бірыңғай электрондық терезені енгізу | 2011-2012 жылдарға арналған сыртқы сауда саласында экспорттық-импорттық операциялар кезінде «Е-терезе» ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасында іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау | ЭБЖМ-ге ақпарат | Қаржымині мүдделі мемлекеттік органдар | Жарты жыл рет |
| 25. | Кедендік тазартуға уақыт шығынын қысқарту | Барлық кедендік рәсімдер бойынша тауарларды пилоттық электрондық декларациялауды енгізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | Қаржымині | 2013 жылғ тоқсан |
| 26. | Өңірлерде заңнаманы түсіндіру бойынша, сондай-ақ халықаралық сауда саласында жүргізіліп отырған реформалар туралы бизнес-қоғамдастық өкілдерімен түсіндіру іс-шараларын өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ЭБЖМ-ге ақпарат | Қаржымині, ККМ, халықаралық сауданы мемлекеттік реттеуге тартылған мемлекеттік органдар | Тоқсан сайы |
| 10. «Салық салу» индикаторы | | | | | |
| 27. | Салық органдары көрсететін қызметтер сапасын арттыру | Салық органдарының қабылдау және өңдеу орталықтарында өзекті электрондық басқару жүйесін енгізу. «Электрондық үкімет» порталы арқылы салық | ӨДМ-ге ақпарат | | 2013 жыл бо |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | органдары көрсететін қызметтер санын ұлғайту | | Қаржымині | |
| 28. | Салықтық заңнама мен әкімшілендіруді жетілдіру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу | БАҚ-қа сұхбат пен мақалалар, дөңгелек үстелдер, семинарлар | ӨДМ-ге ақпарат | Қаржымині, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша), USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 29. | Аталған индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық практикасы бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |
| 11. «Инвесторларды қорғау» индикаторы | | | | | |
| 30. | Аталған индикаторды жақсарту бойынша реформалар жүргізуде озық практикасы бар елдердің халықаралық тәжірибесін зерделеу | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен консультациялар | Дүниежүзілік банк сарапшыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бейнеконференция өткізу | Мүдделі мемлекеттік органдар, USAID және Дүниежүзілік банк сарапшылары (келісім бойынша) | 2013 жыл бо |

**Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

СІМ- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

«Атамекен» одағы» ҚҰЭП - «Атамекен» одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы

БАҚ - бұқаралық аппарат құралдары

USAID - АҚШ Халықаралық даму агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК